



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие
мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Балалардың жасы 2-3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.</p> <p>Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p> <p>Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;</p>
қыркүйек	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>-дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>-сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>-суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;</p>
	Көркем әдебиет	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға
	Математика негіздері	Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;</p>
	Құрастыру	Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру
	Сурет салу	<p>Заттық сурет салу.</p> <p>Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:</p>

	1)көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн).
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру.
Музыка	Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы

Жоспардың құрылу кезеңі 2024 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Бірғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	Математика	Шама

негіздері	Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері карама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Адамгершілікке баулу Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру. өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
Музыка	Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Балалардың жасы 2-3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>

Математика негіздері	<p>Шама</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем:</p> <p>Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.</p> <p>Еңбекке баулу</p>
Құрастыру	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p>
Сурет салу	<p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p> <p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.</p> <p>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Балалардың жасы 2-3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі) 2024 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
желтоқсан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жақ жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасына жатқан қалыпта); аяқты бұгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасына жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкер (етпетінен жатқан қалыпта). Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарауды үйрету. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру. Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.
	Математика негіздері	Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем: Қоршаған органы қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Көлік, байланыс құралдары Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс

	<p>құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Менің Отаным - Қазақстан</p> <p>Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына игеру.</p> <p>Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана білу.</p> <p>Негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету.</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Балалардың жасы 2-3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2025 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы,</p>

	дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.
Музыка	Музыка тыңдау. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету. Ән айту.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Балалардың жасы 2-3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2025 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Дене шынықтыру	<p>Дербес қимыл белсенділігі</p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p>

	<p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p>
Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>
Мүсіндеу	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p> <p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Балалардың жасы 2-3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2025 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
	Математика негіздері	<p>Шама Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына</p>

	<p>кою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
Құрастыру	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p>
Сурет салу	<p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p> <p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.</p> <p>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, коңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
 негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
 іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Балалардың жасы 2-3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2025 оқу жылы сәуір айы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Дене шынықтыру	<p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қол қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5-2 м қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5-2 м қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпақ домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) қағып алу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Жыл бойы медицина қызметкерінің басшылығымен балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескеріп отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> <p>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Нәтижесінде тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p> <p>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
сәуір	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету.</p> <p>Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.</p>
сәуір	Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.</p> <p>Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлі сөйлеу оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру.</p> <p>Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.</p> <p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру.</p>
сәуір	Математика негіздері	<p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түндіз, таңертең-кешке.</p> <p>«Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жананы тануға ұмтылып, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ыңдаландыру.</p> <p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.</p>

	<p>коршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру..</p>
Құрастыру	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу, заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алуды үйрету.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).</p> <p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету.</p> <p>Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.</p> <p>Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді);</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
 негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
 іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Балалардың жасы 2-3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2025 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	Спорттық жаттығулар: Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүзу (ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болмағанда кезде). Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киімнің тазалығын сақтауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулығын сақтауға жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Аналардың қалауларын ескеріп, мектепке дейінгі ұйымның басшылығы мен медицина қызметкерлерінің шешімі бойынша арнайы шынықтыру шараларын жүргізу. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.
мамыр	Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу: Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді қолдану. Көмекші сөздермен бірге қолдану. Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргенін өз ісінде қолдануға жағдай жасауға туралы айтуды үйрету. Өткенді қайталау.
	Көркем әдебиет	Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру. Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру. Өткенді қайталау.
	Математика негіздері	Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. «Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жаңаны тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ыңдаландыру. Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға

	<p>үйрету. Өткенді қайталау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілікке баулу Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Өткенді қайталау.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Өткенді қайталау.</p>
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Өткенді қайталау.</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу, заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алуды үйрету. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау.</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау). Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету. Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>